

ӘОЖ 092

Ұлттық мәдениет: дәстүр мен жаңашылдық

Д.М. Жаңабаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

Аннотация. Мақалада ұлттық мәдениеттегі дәстүр мен жаңашылдық мәселесі қарастырылған. Дәстүр мен жаңашылдық (инновация) түсінігі ғалым-философтар ұзақ уақыттар бойы талқылаған мәселе болып келеді. Бұл тақырыпты батыстық, ресейлік, шығыстық және отандық зерттеушілер әртүрлі, тіпті кейде қарама-қарсы позициялардан зерделеген. Сонымен қатар жаңашылдық пен дәстүрлер – мәдениет дамуы үдерісінің екі жағы. Мәдениет тұрақты және өзгермелі моменттерден тұрады. Осы тұрғыда қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті өзіне тән ерекшелігімен, риясыз тазалығымен, зерделі мән-мазмұнымен, пайымдылығымен адамзат мәдениетімен ежелден сабақтас болады. Ғасырлар бойы қалыптасқан рухани-мәдени сабақтастық өз дәстүрін осы күнге дейін жалғастыруға талпынып келеді. Рухани байлық әр кезде әр халықты ұлт ретінде сақтап қалатын және оны өзгелермен қатар өмір сүру құқығын дәлелдейтін императив.

Түйін сөздер: мәдениет, дүниетаным, сұхбат, жаңашылдық, дәстүр, фольклор.

Ұлттық мәдениет – бұл адамзаттың біркелкі дамуындағы заңдылықты сатысы. Әлемдік мәдениет – бұл, алдымен, ұлттық мәдениеттер жиынтығы. Ұлттық мәдениеттердің жалпы адамзаттық идеалдарға ие ең жоғарғы жетістіктері және оларды бүкіл Әлем мойындаған соң, ұлтаралық мәдениет құрамына енеді. Ұлттық мәдениеттер мәселелері, мән-мағыналары және құндылықтары, олардың өзара байланыстары қазіргі уақытта жаһандану кеңістігінде болып жатқан процестермен тығыз байланысты. Яғни, қазіргі кездегі өркениетті, ақпаратты, постиндустриалды деген қоғам осы кеңістік ықпалында өзгеріп отырады [1]. Қандай да бір халықтың, ұлттың мәдениеті Әлемдік мәдени кеңістіктің бір ғана бөлігі болып табылатыны белгілі. Ал осы әлемдік мәдениет шеңберінде, өзіндік ерекшеліктері бар кез келген этностың, ұлттың рухани және материалды болмысының қайнар көзі және негізі ретінде әр түрлі мәдениеттер арасындағы сұхбаттың құндылығы мен маңыздылығын мойындайтын, ұнамдылық-этикалық және эстетикалық негіздерге негізделген әртүрлі этнос мәдениеттері арасында байланыстар мен қарым-қатынастар қалыптасады. Осы тұрғыда, ұлттық мәдениетіміздің ерекшеліктеріне тоқталсақ, қазақ мәдениеті, түптеп карағанда, бірнеше ру-тайпалар мен этностардың мәдениетінен қалыптасқан тарихи асыл мұра болып табылады [2]. Ұлт-институт болып қалыптасуына халық зор еңбек етеді, ықпал жасайды.

Ұлттық ерекшеліктер халықтың мінез-құлқына, тарихына (шежіресіне), өмір сүру салтына, дүниетанымына, дәстүр жүйесіне, тіліне, діліне, наным-сеніміне, өнеріне негізделеді. Қазақ ұлттық мәдениетінің құрамдас элементтері – халық ауыз әдебиеті, күйлер, материалдық мәдениет туындылары және т.с.с. – уақыт заман талаптарына немесе сыртқы шет елдік ықпалдарға сай өзгеріп отырды және де мұндай жағдай қазіргі таңда да қайталанып отыр. Бірақ ұлт мәдениеті өзгеріске ұшыраса да, ол түбегейлі өзгермейді. Яғни әр уақытта әрбір ұлт мәдениеті үлкен Әлемдік аренада басқа да ұлт мәдениеттерімен бәсекелесіп отырады және бұндай жағдай ұлт мәдениетінің иммунитетін қалыптастырады, бәсекелесу қабілетін арттырады, ұлт мәдениеті кемшіліктерін позитивке айналдыра отырып дамытады. Қазіргі Қазақ мемлекетінің (Қазақстан Республикасы) территориясында бірнеше ру-тайпа және мемлекеттер өмір сүрген болатын. Ал бұл болса тек қазақ ұлтының мәдениетінің ірге тасын қалап қана қоймай, сонымен қатар басқа ұлттық мәдениеттер сияқты өзіндік ерекшелігі бар Әлемдік мәдениет бір жүйесін қалыптастырды деп айтуға болады. Әрбір ұлттық мәдениеттің басты қызметтері мен ролі қандай?

Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті өзіне тән ерекшелігімен, риясыз тазалығымен, зерделі мән-мазмұнымен, пайымдылығымен адамзат мәдениетімен ежелден сабақтас болады. Ғасырлар бойы қалыптасқан рухани-мәдени

сабақтастық өз дәстүрін осы күнге дейін жалғастыруға талпынып келеді. Рухани байлық әр кезде әр халықты ұлт ретінде сақтап қалатын және оны өзгелермен қатар өмір сүру құқығын дәлелдейтін императив.

Ұлттық мәдениеттің қайта өрлеуі екі негізгі талаптарға сәйкес келуі тиіс:

– Ұлттық мәдениет өзіндік даму амалымен өзіндік даму қабілетін анықтауы тиіс;

– Ол қазіргі кезде қоғамда болып жатқан радикалдық және новациялық өзгерістерге кедергі жасалмай, керісінше, оған демеу беріп, сыбайласып, онымен іштесіп модернизациялануға ұмтылуы тиіс [3].

Жаһандану кеңістігінде ұлтаралық, халықаралық және мемлекетаралық өзара әсер ету процесі жүріп жатқан кезеңде қазақ мәдениетінің жағдайы не болмақ деген көкейтесті мәселе барлығымызды толғандырып жүргені – бұл шындық дүние. Қазақ халқы бірнеше ғасыр бойы өзге ұлт, халық, мемлекет бодандығынан арылып, енді өз Тәуелсіздігін алып, есін енді жинап келе жатқан шақта, бұрынғы бодандықтан күшті экспансиялық кеңістік, уақыт, процесс ареалында екенімізді түсіндік. Енді, қазіргі таңдағы осы ұлттық мәдениетіміздегі дәстүр мен жаңашылдық мәселесіне тоқталатын болсақ, жалпы алғанда дәстүрлер – бұл әдетке айналған ұрпақтан-ұрпаққа берілер іс-әрекеттер тәсілі. Адамдар қауымдастығының қалыптасуын салыстырмалы түрде қарағанда техника мен технология өте жәй эволюциялық даму сипатын құрайды. Олардың дәстүрлі түрлері мен дәстүрлі қолданыстары белгілі бір кезеңде дамуға тежеу болатын факторға айналады. Жаңа байланыстарды орнату бір қоғам үшін дәстүрлі қалып болса, басқаларына тосын жаңашылдық ретінде танылады. Жаңашылдық – экономикалық, қоғамдық өзгерістердің нәтижесінде пайда болған әрекеттің жаңа түрі. Олар өздері дәстүрлілік сапасына ие болмайынша, белгілі бір нақты дәстүрге қарама-қайшы іс-әрекеттер жасайды [4]. Дәстүр мен жаңашылдық – өзгерістің екі жағы, демек, адамдар әрекетіндегі сан алуан әдістердің дамуы. Бұл өзгеріс өркениет тарихында прогресс немесе регресс ұғымдарымен сипатталып, кезеңдік дәуірлерде өз белгілерін беріп отырады. Дәстүрлі мәдениет пен жаңашылдық (инновация), батыс мәдениеті мен өркениетінің экспансиялық тарихы, батыстық және шығыстық мәдениеттердің өзара сұхбаты мен қақтығыстары

ғалым-философтар да талқылаған мәселе болып келеді. Бұл тақырыпты батыстық, ресейлік, шығыстық және отандық зерттеушілер әр түрлі, тіпті кейде қарама-қарсы позициялардан зерделеген. Қарама-қарсы позицияларын бір-біріне қарама-қайшы келсе, диалектика заңына сәйкес дамудың алғышарты болып табылады. Сонымен қатар, жаңашылдық пен дәстүрлер – мәдениет дамуы үдерісінің екі жағы. Мәдениет тұрақты және өзгермелі моменттерден тұрады. Мәдениеттегі тұрақтылық, «инерциялық» – бұл дәстүр. Дәстүрде мәдени мұрагерлік элементтері – идеялары, құндылықтар, дәстүрлер, салттар, дүние тану тәсілдері сақталып, ұрпақтан ұрпаққа беріледі. Дәстүрлер рухани мәдениеттің барлық формаларында болады. Ғылыми, діни, моральдық, ұлттық, еңбек және басқа дәстүрлер туралы айтуға болады. Соның арқасында қоғам дамиды, өйткені жас ұрпақ велосипедті ойлап табумен айналыспайды, адамның қол жеткізген тәжірибесін, мәдениет нормасын игереді [5].

Дәстүрлер жүйесі қоғамдық организмнің тұтастығын, тұрақтылығын бейнелейді. Оған өрескел қарауға болмайды, өйткені мәдениеттің нәзік және күрделі механизмдері бұзылуы мүмкін. Ескі рухани құндылықтарды, тарихи естелікті ұмыт қалдырып, рухани өмірді жақсарту мүмкін емес. Екінші жағынан, мәдениет жаңарусыз болмайды. Шығармашылық, өзгеріс қоғам дамуының екінші жағы болып табылады. Дәстүрлер мен жаңарулар бірлігі – кез келген мәдениеттің әмбебап сипаттамасы. Мәдениетте дәстүрлер мен жаңарулардың, шығармашылықтың әртүрлі ара қатынасы қоғамдар үшін дәстүрлі және қазіргі негізді береді. Бірінші дәстүрлерде шығармашылыққа билік жүргізеді. Мәдени үлгілер бастапқы түрінде өндіріледі. Өзгерістер жүйесіз және кездейсоқ жолмен дәстүрлер шеңберінде енгізіледі. Нормадан ауытқу қабылданбайды және теріске шығарылады.

Дәстүр негізінде мәдениет өз қызметін атқарады. Дәстүрдің маңыздылығы, тіпті, шығармашылық маңыздылығынан да жоғары, сонда, шығармашылық дегеніміз адам балсының өзін мәдениет субъектісі ретінде қалыптастыруы болып табылады, ал мәдениеттің өзі материалды және идеалды объектілерге толы әрекеттердің дайын және стереотипті бағдарламалар жинағы. Стереотипті бағдарламалар – бұл салт-дәстүр, рәсімдер және т.б. Бағдарламалардағы өзгерістердің өзі өте баяу жүреді. Осылай алғашқы

қауымдық қоғамда және дәстүрлі мәдениеттің соңғы кезеңдерінде болады [6].

Бұндай тұрақты мәдени дәстүр белгілі бір жағдайларда адамдар тобының өмір сүруі үшін қажет. Ал, егер қандай да бір қоғам гипертрофиялық (шамадан тыс жоғарылату) дәстүрліктен бас тартып, мәдениеттің динамикалық түрлерін ары қарай дамытса, онда адамдар мәдени дәстүрлерден мүлдем бас тарта алады деген сөз емес. Ешбір жеке адам, халық және мемлекет мәдениеті дәстүрсіз өмір сүре алмайды.

Мәдени дәстүр тарихи естелік ретінде мәдениеттің өмір сүру шарты ғана емес, сонымен қатар, мәдениеттің дамуына ықпал жасайтын жағдай. Жаңа заман мәдениетін диалектика жолымен теріске немесе жоққа шығара отырып, «ескі» мәдениеттің жақсы деген қасиеттерін сараптап, зерттеп өз бойына сіңіреді. Бұл процесс – қалыпты процесс, яғни мәдениет саласында әрекет ететін және аса маңызды мәнге ие дамудың жалпы заңы болып табылады.

Дәстүр мен жаңашылдық, әлемдік супермәдениеттердің арасындағы айқын үйлесімді теңдік өте күрделі процеске жатады және оның орындалуы көп шарттарды қажет етеді. Өткенге оралу, өшкенді жандыру, діни қайта өрлеу, шашыраған құндылықтарды түгендеу, жаппай батыстандыруды есептемегеннің өзінде, белсенді модернизация аймағында жүреді. Мұндай құрылым ерікті де, еріксіз де мәдениеттің шығармашылық күйіне сүйенеді. Өйткені, мәдениет барынша қалыптасқан жүйе, дегенмен оның шарықтауына бөгде күштер ықпал етері анық. Мәдениет – ескі мен жаңаның, өзіндікі мен өзгенікінің өзара қатынастары, оларды игеру мен жатсыну, мұралану және ажырау процестері. Демек, мәдениеттің әрбір күйі бір мезет сияқты, бірақ бұл сәт ешқашан шектелмейді әрі аяқталмайды [7].

Ежелден келе жатқан және жаңадан қалыптастасқан құндылықтарды қалыптастырудың өзі қазіргі кезде жаһандану илегінен өткізіп, қарастырмау сол құндылықтардың шынайы бағасын анықтауға талпынбаумен теңбе-тең.

Құндылықтардың құнсыздануы, Батыс мәдениетінің қазіргі қайшылықтары адамның болмыс ерекшелігінің шексіздігін көрсетеді. Оның нәтижесінде тарих сахнасына метамәдениетпен қатар жаңа өркениеттік құрылымдар шығады.

Мәдениеттегі дәстүрлер және мәдени мұраларға деген қарым-қатынас мәдениеттің тек сақталуына ғана емес, сонымен қатар мәде-

ниеттің ары қарай дамуына да септігін тигізеді, яғни «ескіні» ескере отырып, жаңа мәдениетті шығармашылық әрекет барысында қалыптастыру. Дегенмен, шығармашылық процестің өзі шығармашылық әрекет субъектісі арқылы жүзеге асады. Бірақ, тағы бір айтар жайт – барлық новаторлық (жаңашылдық) дүние мәдениет шығармашылығы емес. Әрбір мәдениет шығармасы ерекшелік немесе өзгешелікпен тығыз байланысты. Әрбір мәдени құндылықтар бір-бірін қайталамайды (көркем шығармалар, әрбір мәдени жаңалық, т.б.). Әлемге мәлім болған мәдени дүниені әр түрлі пішінде шығару – бұл мәдениетті пайымдау нәтижесі емес, керісінше, тарату болып табылады. Бірақ, мұның өзі де қажет, өйткені қоғамдағы мәдениеттің қызмет ету процесіне адамдарды әрекет етуге араластырады. Ал мәдениет шығармашылығы адам баласының мәдениетті пайымдау әрекетінің тарихи даму процесінің құрамында міндетті түрде жаңаның болуын талап етеді, сөйтіп ол инновацияның қайнар көзі болып табылады. Жаңа дүниенің барлығы мәдениет құбылысы емес және мәдени процестің құрамындағы барлық жаңалықтар мәдениеттің гуманистік күштеріне жауап беретін және алдыңғы қатарлы болып табылмайды. Мәдениетте прогрессивті және реакциялық (жауап қайтару) үрдістер бар. Мәдениет дамуы – қарама-қайшылықты процесс, мұнда белгілі бір тарихи кезеңнің әлеуметтік таптық, ұлттық мүдделерінің қарама-қарсылығы көрінеді. Мәдениетте алдыңғы қатарлы және прогрессивті нышанды бекіту үшін күресу керек [8].

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасындағы мәдени үрдістер кейбір бағыттары өзінің табиғи болмысынан ауытқып, мимесистік (ұқсау, еліктеу) сипаттағы батыс мәдениетінің таратушысына айналып отыр. Бұл жас ұрпақтың ұлттық талғамын әлсіретеді, ұлтты дәстүрлі төл мәдениеттен бірте-бірте ығыстыра алады. Осындай еліктеушілік ұлттық мәдениетке, әсіресе жастардың сана-болмысына, қатты әсер етеді, ұлттық тәрбиеліліктің этика-эстетикалық маңызы кемиді; кейбір қоғамдық ұйымдар бұқаралық мәдениет элементтерін пайдалану арқылы оны қаржылық көздеріне айналдырады (дискотекалар, түнгі клубтар, компьютерлік ойындар, бильярд залдары т.б.). Мұндай келеңсіздікке жол берілуінің себептері: ұлттық талғам, қоғамдық мүдде ұстындарында мәдениет пен өнердегі құндылықтар жүйесін қалыптастыру

мен саралаудың дамымағандығы; шетелдік мәдени ағымдардың енуі мен таралуына мәдени ұжымдар мен басқару ұйымдарының бақылау орнатпауы; қоғамдық ұйымдар мен саяси партиялардың мәдени даму процесінен алшақтығы; эстетикалық нормалардың, сапаның салғырттығы, яғни, талғамның татымсыздығы, стильдің дүбәралануы; түптеп келгенде нағыз өнердің құлдырауы. Мысалы, қазіргі кездегі жастардың бейне-клиптарын алып қарасаңыз батыстық типте, яғни Ата-Ана мен Бала арасындағы қазақи әдептелік бейнелерін көре бермейсіз. Кейбір бейне-клиптардың сюжеттері мынадай болады – жүрегіне ұнаған Жанды (әйел адам заты немесе ер адам заты) Ата-Анасынан жоғары қояды. Өмірге әкелген, төрт ұйқысын бұзған, мәпелеген, жанын беруге даяр Ананы немесе қиын уақытта ақылшысы болған, рухани демеп отырған, қатал жүректі болса да өз көмегін аямаған Әкені қазақ баласы ренжісе де, іштей келіспесе де ешқашанда әдепсіздік, тәрбиесіздік көрсетпеген. Әрбір ұлт сияқты қазақ ұлтының алдында кем дегенде екі міндет тұр:

- а) жаһандану салдарынан бөтен ұлтқа сіңіп кетпеу;
- ә) әлемдік төре халықтардың табанында тапталмау.

Әлемдік мәдениеттің үздіксіз дамуының бір себепшісі болған қазақ ұлттық қолөнерінің де ұлттық мәдениетте алар орны ерекше. Болашақ жастарды тәрбиелеуде дәстүрлі ұлттық қолөнердің көркемдік, әсемдік, қызығушылықты тудырары сөзсіз. Қазақтың ұлттық қолөнері өзінің бай тарихы, терең мазмұны, сан-қилы ерекшелігімен болашақ жастарға рухани-эстетикалық, эмоционалдық, интеллектуалдық тұрғыда әсер етіп, олардың тұлғалық және сапалық қасиеттерін дамыта түсетіні де сөзсіз. Бұл ұлттық өнерді, ұлттық мәдениетті бағалауға баулиды. Ал ұлттық қолөнер, ұлттық мәдениет – болашақтың күн шуағы, тілі, ділі, рухани байлығы. Ұлттық идеяның мән-мағынасын дәл қазіргі таңда «Қазақ елі. Азаттық. Бірлік» деген ұғым-түсініктер аша алады [9].

Қазақтың ұлттық спорт ойындары да — халқымыздың ұлттық дәстүрінің негізгі бөлімі. Сондықтан да республикалық ұйымдар оларға мұқият қарап, ұлттық дәстүрлердің жағымды жақтарын пайдалана отырып, өркендетіп, жетілдіре білу керек. Қазақтың ұлттық спорты

мен ойындары республиканың мәдени өмірінде өзіне лайықты орын алуы керек.

Қазақ халқының ойын фольклорын, оның жанрлық түрлерін, атқаратын қызметі мен шығу тарихын жан-жақты зерттеу болашақтың ісі. «Тістегеннің аузында, ұстағанның қолында кетті» деп көңілімізді, еңсемізді түсірмей, жауға шапқан нағыз ер мінезді, бойына көрегендік, даналық қасиеттерді шоғырлатқан Батыр Бабаларымыздай «Аруақ!» деп Үлкен Әлемдік майданға еш қорқыныш-үрейсіз, белді бекем буып, қатысуымыз қажет. Өйткені Біз – Қазақпыз, бойымызда, қанымызда, сүйегімізге біткен Ата-Бабалардан қалған асыл Мұра – көрегендік, Даналық, Шешендік, Батырлық, Әділеттілікті сүю және т.б. қасиеттер бар. Осы қасиеттерді өзгеге тапталмай, қайтадан жаңғыртып, өсуіміз және дамуымыз қажет – бұл Біздің Қасиетті Парызымыз.

Қазақ мәдениеті батыстық емес құндылықтарға: тұлғааралық қатынастардың түпнегізділігіне, әрекеттенуші құндылықтардың тұрақтылығына, рухани реттеудің салмақтылығына негізделген. Қазақ мәдениетіне тән адам мен табиғат арасындағы үйлесімділік, адам болмысының даралығына тән субъект–объект қарым-қатынастарының дамымағандығын, яғни адам мен табиғаттың өзара бірлігін, толықтығын, белгілі бір даралығын көрсетеді [10].

Қазір қазақстандық қоғамды тұтас қамтып отырған жаһанданудың ақпараттық төңкерісі адам өмірінің барлық салаларына ықпал етеді. Ұлттық егемендік пен ұлттық «Меннен», өзіндік болмыс пен қайталанбас дәстүрлі мәдениеттің архетиптік құндылықтарынан ажырап қалу қаупі нақтылы көрініс табады. Жаһанданудың бірегейлендіру тенденциясы ұлттық ерекшеліктерге тиімді емес, сондықтан батыстандыру мен жаһанданудың қабылданатын модельдерін трансформациялау қажет.

Диалектика тұрғысынан дамитын әрбір процесс сияқты мәдениет тұрақты және дамушы (жаңашылдық) белгілерге ие. Мәдениеттің тұрақты белгісі – бұл мәдени дәстүр. Яғни осы мәдени дәстүр арқылы тарихта адамзат тәжірибелері жиналады және ұрпақтан ұрпаққа беріледі (немесе тасымалданады). Және әрбір жаңа ұрпақ ата-бабалары жинақтап қалдырып кеткен тәжірибелерге өз іс-әрекеттерінде сүйеніп осы тәжірибе – үлгі-өнегелердің маңыздылығын арттыра түседі.

Дәстүрді қадірлеп ұстанатын қоғамда мәдениетті игеру кезінде осы мәдениеттің үлгілері қайта жаңғыртылады, тіпті қандай да бір өзгерістерді енгізсе де, тек дәстүр шеңберіне сай қасиеттерді енгізеді. Дүниеде бірде-бір таза ұлттық мәдениет жоқ, болуы да мүмкін емес. Сондықтан біз ұлттық мәдениетімізді қайтсек те таза ұстайық, оған шаң жуытпайық десек шындықтан алшақтап кетеміз. Түптеп келгенде, мәдениеттің құндылығы мен күштілігі оның нақтылы қайнаған ортада, аралас-құралас қоғамдық қатынастарда өзгеріп, өңделіп, жаңарып отыруында, сөйтіп өміршеңдік қасиетін сақтай алуында [11].

Қандай да бір институттың (мемлекеттің, ұлттың, халықтың, қоғамның) мәдениетінің ядросы немесе өзегі – бұл мұра болып отырған салт-дәстүрлер. Осы принципті ары қарай зерттесек, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар негізінде қамтитын өмірлік рухани тұғырлы, дәйекті, талапты, құндылықты принциптер концепциясы жатқандығын аңғаруға болады. Жаппай жаһандану жүріп жатқан қазіргі уақытта жер бетіндегі халықтардың көбі өзіндік төлтума ұлттық, көркем ерекшеліктерінен айырылуда. Осы тұста, қазақ этносының тілі мен ділі, психологиясы мен дүниетанымы, мәдени қазынасы, ұлттық киім үлгілерінің сақталуы, ұрпақтар қадірлейтін мұрасы болып дамуы қазіргі кезеңнің басты мәселесі болып отыр. Жаһандану көшінде ел имиджін қалыптастыру екі түрлі ұғымға негізделеді. Алдыңғысы, постиндустралдық қоғам тұтынатын құндылықтарды сіңіріп алатын «жаһандық» мағынасында болса, келесісі – тарих қойнауындағы ұлттық мәдениеттің жәдігерлерін қайта жаңғыртатын дербес өзіндік «ұлттық» мағынасында қолданылады. Жаһандық сұхбатта Еліміздің бейнесін танытатын ұлттық менталитетіміз, ұлттық болмыс пен дүниені тану ерекшеліктері, салт санасы мен абыройлы дәстүрі, ұлттық тілі мен діни сауаты, ата тарихы, қоғамдағы азамат пен азаматшаларының өмір сүру заңдылықтары, отандық шекарасы мен жер қойнауындағы байлықтары, көлі мен өзені, аңы мен құсы болмақ. Ең негізгісі әлемдік сан салалы тартыста тәуелсіз елдің қадірі оның тарихы, тілімен, көне ата-баба дәстүрінің қолдану аясы және маңыздылығымен өлшенеді.

Республика президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы қоғамның идеялық бірлігінде» атты еңбегінде: «Мәдени дәстүрлер

қашанда әлеуметтік қайта түлеудің қайнар көзі болып келді. Өзінің тарихи, мәдени тамырларына қайта оралу – бұл әрине оң процесс. Қазақстанда ұлттық тілді, өнерді, мәдениетті дамытуға барынша қолдау жасалып отыр, – деген сөзі мұның бірден-бір айғағы [12, с. 65].

Қорыта келе, Елбасының Қазақстандағы «бүгінгі таңдағы идеологиялық саланың төрт шешуші басымдығы» ретінде ұсынған «Ұлттың тұрақты дамуы», «Мемлекеттіліктің нығаюы», «Халықтың бірлігі» және «Келешекке сенімі» бұрыннан айтылып келе жатқан және жүргізіліп отырған саясатпен қатар, ішкі саясаттағы жаңа құндылықтардың және міндеттердің енгізілгендігін білдіреді. Бұрын абайлап айтылатын, енді еліміздегі ішкі саясаттағы басым бағыттардың бірі ретінде қарастырылатын «Ұлттың тұрақты дамуы» туралы Елбасы Н.Назарбаев қазақ тілді басылым басшыларына берген сұхбатындағы «Ұлтымыздың даму деңгейіне көңіліңіз тола ма?» деген сұраққа былай деп жауап берген болатын: «Біз осы мемлекет үшін негізгі жауапкершілік жүгін өз мойнымызға алып отырған ұлтпыз. Біз мемлекетті ұйыстырушы ұлтпыз. Әр адам жедел жаңғырмайынша, мемлекет жедел жаңғыра алмайды. Тұтас ұлт бәсекеге қабілетті болмайынша, мемлекет әлемдік экономика мен қоғамдастыққа кіріге алмайды».

Әдебиеттер

- 1 Ғабитов Т.Х. Қазақ мәдениетінің типологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 1998. – 202 б.
- 2 Ғарифолла Есім. Қазақстандық өркениет және өркениеттік сана // Жаһандану контексіндегі Қазақстандық өркениет және мәдени айқындалу жолдарындағы ізденіс: Халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Алматы, 2003. – 13-18 бб.
- 3 Плетнева С.А. Кочевники средневековья. – М.: Наука, 1962 – 324 с.
- 4 Қозыбаев М.Қ. Өркениет хақында // Қазақ өркениеті. – 2001. – № 1. – 10-18 бб.
- 5 Ишмухамедова А. О вкладе тюркских народов в становление и развитие мировой цивилизации // Евразийское сообщество. – 2002. – № 3 (39). – С. 130-134.
- 6 Мүтәліпов Ж. Мәдени диалог және өркениеттер тоғысы. – Алматы: Раритет, 2002. – 240 б.

7 Мүтәліпов Ж. Қазақ өркениетінің қайнар бастаулары // Адам әлемі. – 2002. – № 3. – 56-61 бб.

8 Алимбай Н., Муканов М.С., Аргынбаев Х. Традиционная культура жизнеобеспечения казахов: Очерки истории и теории. – Алматы, 1998. – 234 с.

9 Нысанбаев Ә.Н. Қазақ өркениетінің философиясы туралы // Қазақ өркениеті. – 2002. – № 2. – 4-12 бб.

10 Сатершинов Б. Қазіргі Қазақстан

мәдениеті дамуының негізгі бағдарлары мен қайшылықтары. Филос. ғыл. канд. дисс... : 24.00.01 – Алматы: 2000. – 135 б.

11 Ғабитов Т.Х. Қазақ өркениеті: өткені бүгінгі және ертеңі // Да. Диалог Евразия. 2005. – № 9. – 6-7 бб.

12 Омаров Е.С. Основы казахской цивилизации // Қазақ өркениеті. – 2002. – № 2, 3. – С. 13-42.

13 Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. – Алматы: Өнер, 1996. – 269 б.

Д.М. Жанабаева

Национальная культура: традиции и инновации

В статье рассматриваются понятия традиции и инновации в национальной культуре. Эти понятия долгое время оставались центром изучения многих ученых-философов. Понятия традиции и инновации соотношены с разными пластами человеческой культуры, человеческой истории. Взаимодействие в культуре народа старого и нового, своего и заимствованного осуществляется несколькими путями: простым проникновением элементов одной культуры в другую, синтезом и использованием заимствований в соответствии с традиционными нормами и обычаями. Также рассматриваются традиции и инновации в культуре казахского народа, который отличается высокой преемственностью в вопросах нравственного воспитания подрастающего поколения, духовного совершенствования личности.

D. M. Zhanabaeva

Ұлттық мәдениет: дәстүр мен жаңашылдық

This article discusses the concept of tradition and innovation in the national culture. This concept has long been a center for the study of many scientists and philosophers. The concept of tradition and innovation are correlated with different layers of human culture and human history. Interaction in the culture of the people of old and new, and borrowed by a number of ways: simple penetration of the elements of one culture to another, the synthesis and use of borrowings in accordance with traditional norms and customs. We also consider the traditional culture of the Kazakh people, which is characterized by a high continuity in the moral education of the younger generation, the spiritual perfection of the individual.